

«Н. Төреқұлов атындағы №8 жалпы білім беретін мектеп»КММ

«Өз балаңа үлгі бол» «Сіздің кешегі
балаңыз бүгін оқушы»
ата-аналар жиналысы

«Өз балаңа үлгі бол» «Сіздің кешегі балаңыз бүгін оқушы»
ата-аналар жиналысы

«Өз балаңа үлгі бол» тақырыбындағы Республикалық ата-аналар жиналысы қалалық №8 жалпы орта мектебінде де өткізілді. «Бірінші сынып оқушыларының ата-аналарына психологиялық көмек» ретінде қолға алынған бұл шарада арнайы кітапшалар беріліп, сауалнамалар толтырылды. Және де тілек ағашы ұсынылып, ондағы дүниелер ата-аналар қауымына керемет көңіл-күй сыйлады. Басты мақсат - отбасы құндылықтарын нығайту, өскелең ұрпақты жаңа қоғамға барынша бейімдеу. Биылғы жылы аталған мектеп табалдырығын 1-сыныпқа 114 бала аттаған. Төрт сыныпқа бөлінген оқушыларды мектепке бейімдеу жұмыстарында да ұстаздар ерекше ықыласпен жұмыс жасауда. Олардың әріп тануынан бастап, өмірге қалыптасуында мектеп бірінші кезекте тұрса, ата-ана да аянып қалмауы тиіс. Себебі оқушы мектепке қарағанда ата-анасының алдында көп уақытын өткізеді.

Айта кетейік, іс-шара өскелең ұрпақты тәрбиелеу мәселесінде білім беру мекемелерінің отбасымен өзара қатынасын жандандыруға, бала тәрбиелеу барысында ата-аналарда туындайтын ең қиын сұрақтарды анықтауға, әр конференция ата-аналардың өз баласының ақпараттық қауіпсіздігін сақтауға, кәмелетке толмаған балалардың өзіне-өзі қол жұмсау әрекетін алдын алуға, мектепке діни атрибуттар әкелуді қолдайтын ата-аналармен деструктивті діни ағымдардан алды алуға бағытталады. Іс-шара "Отбасы күні"-не орайластырылған. Бұл тегіннен-тегін емес. Өйткені, психологтардың айтуынша, мектеп табалдырығын алғаш аттаған баланың жаңа ортаға тез бейімделіп кетуі – ата-ана, мектеп, педагог арасындағы тығыз қарым-қатынасқа байланысты. Кездесу барысында мамандар отбасы мен білім ордасында сенім пен сыйластық орнату бойынша кеңестер берді. Жиналыс пікір алмасу түрінде өтті. Ата-аналар психолог кеңесін алып қана қоймай, өз пайымдарын жеткізуге мүмкіндік алды. Кездесу барысында 1-сынып оқушыларын оқыту үрдісі жайлы толық ақпарат берілді. Ендігі кезекте мұндай жиналыстар жоғарғы сынып оқушыларының ата-аналарымен де өткізілмек.

Алдын-алу жұмыстарының
ХАТТАМАСЫ

Кеңестің мақсаты: ата-анасы өзінің сезімін білдірмей тұрып олардың алдында тұрған мәселені өздеріне шештірту.

Қолданылған әдіс: Кеңес беру

Өткізген: педагог-психологтар Жұмабекова И, Нұрмахамбетова Н

Қатысушылар: 1- сынып ата-аналары

Мерзімі: «26» қыркүйек 2023 жыл

Берілген кеңес:

«Сіздің кешегі балаңыз бүгін оқушы»

Бастауыш сынып оқушыларында жиі кездесетін қиындықтар мектепішілік қарым-қатынаспен байланыста орын алады. Өсіп, дамып келе жатқан бала бойында алуан түрлі қасиеттер байқалады. Осы бір сырлы қасиеттердің жағымды және жағымсыз жақтарымен қатар елеусіз мінез- көріністері де бала бойында болады. Бала мінезінің жағымды жақтарына қайырымдылық, инабаттылық, сыйлаушылық, тіл алғыштық, шынайы адалдық, жақсы мен жаманды айыра білушілік, алдағы өмір жолына ұмытушылық жатса, ал нашар мінез көріністеріне тұрақсыз, өтірік айтушылық, өзімшілдік, беймазалық, ұшқалақтық сияқты қасиеттер жатады. Бала бойына назар салып бақылағанда байқалатын қасиеттерге өз-өзіне сын көзбен қарап, мінездегі кемшіліктерді сезіну, әділеттікті, әділетсіздікті аңғаруы ойлаған мақсатын орындап шығу үшін шыдамды болуы мен іскерлігі жатады. Егер кішкентай кезінен бала мінезіндегі көріністер өмірімен сабақтасып, тәрбиемен ұштасса, ол қайырымды, байсалды, бір сөзді, батыл жүректі, табанды болып ер жетеді. Ал олардың бойында ынжық мінез қалыптасса, біртіндеп ол сабырлық, жалқаулық, күйгелектік, қорқақтық, мылжыңдық мінездерге айналады. Бала өскен сайын көп көріп, естіп білуге ұмтылады. Өз ойын айту, басқалармен қарым-қатынас жасау, достасу, пікірлесу сияқты мінез-құлық көріністері қалыптасады.

Мектепке дейінгі жас кезеңінде мектепте оқуға даярлықтан өту-өтпеуіне, отбасындағы тәлім –тәрбие алу ерекшелігіне байланысты бала психологиялық дамуында әр түрлі жағдай орын алуы мүмкін. Олардың ішінде депривация көрініс берген және осы симптомы барлардың мектепке қабылдау алдында коррекциядан өтпегендері мектептік қарым-қатынасқа және оқушының күн тәртібінде адаптациядан өтуі қиын болады.

- Балаңызға ешқашан ол басқалардай емес деген кемсітушілік, аяушылық танытпаңыз.

- Балаңызға өзіңіздің махабатыңыз бен көңіліңізді бөліңіз, бірақ басқа да отбасы мүшелері бар екенін ұмытпаңыз, оларға да Сіздің жылылығыңыз қажат.

- Балаңыздың жағымды жақтарын сақтауға ештеңеге қарамаңыз.

- Үй тапсырмасында әр отбасы мүшесі өзінің жеке өмірін «құрбан» санамайтындай ұйымдастырыңыз.

- Балаға міндет пен келелі мәселені шешуге тосқауыл қоймай, барлық шаруаны баламен бірігіп шешіңіз.

- Балаға өз бетімен іс-әрекетке шешім қабылдай беруге мүмкіндік беріңіз.

- Өзінің сырт келбетіңіз бен тәртібіңізді қадағалап жүріңіз.

- Балаңыз Сізді мақтаныш тұтатындай болсын.
- Балаңыздың кейбір талабы шектен тыс деп есептеңіз, одан бас тартудан қорықпаңыз.
- Теледидар мен радио Сіздің орныңызды баса алмайды, сондықтан баламен өзіңіздің әңгімелескеніңіз жөн.
- Баланың өз қатар құрбысымен араласуына шек қоймаңыз.
- Педагог- психолог кеңестеріне жиі көңіл бөліңіз
- Педагогикалық әдебиеттермен қоса көркем әдебиеттерді де жиі оқыңыз.
- Балалы жанұялармен көбірек араласып, тәжірибе алмасыңыз.
- Балаңыздың есейіп, жанұялы болатынын да есте сақтап, оларды болашақ жанұялық өмірге дайындап, әңгімелеңіз.
- Баланы тыс қатаңдыққа (ата-ананың дөрекі билігі, ұрып- соғып жазалауы, өктем қылықтары) ұстауға болмайды.

Тұжырым:

Психолог: Жалпы 1- сынып ата-аналарына «сіздің кешегі балаңыз, бүгін оқушы» деген тақырыпта кеңес беріліп, 1 сыныптарда бейімделу кезеңінің өтетіні айтылды.

Сынып жетекшісіне ұсыныс: сынып жетекшілері оқушыларының мектепке, ортаға деген көз қарасының, қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасуына жетекшілік жасау.

Баланың ата-анасына ұсыныс: ата-аналар балаларының психологиялық және әлеуметтік қиындықтары жайында айтқанда балаларын сынауға және өздерінің сөздерінің дұрыстығын дәлелдеуге құмар болады